Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

# ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН «ӘЛІППЕ» ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтан
2019

Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды. (2019 жылғы 26 қарашадағы № 10 хаттама)

Латын графикасына негізделген «Әліппе» оқу бағдарламасы – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 32 б.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу бағдарламасы латын графикасына негізделген. Оқу бағдарламасында жалпы ережелер, мазмұны, оқу мақсаттарының жүйесі, оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіндегі әріптердің каллиграфиялық жазу үлгісі берілген.

Оқу бағдарламасы бастауыш сынып мұғалімдеріне, әдіскерлерге, оқулық авторларына арналған.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019

## 1 Жалпы ережелер

1. «Әліппе» оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Әліппе» оқу бағдарламасының мақсаты – сауат ашу үдерісі негізінде айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру арқылы функционалды сауаттылық негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаны дамыту.

3. «Әліппе» оқу бағдарламасының міндеттері:

1) оқу әрекеті арқылы сөйлеу әрекеті түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту;

2) қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

3) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

4) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

5) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

6) сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту;

7) коммуникативтік дағдыларын (әдеп сөздерді қолданып, диалогке түсу, өз пікірін толық жеткізу, өзгенің пікірімен санасу) дамыту;

8) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктеріне үйрету;

9) балалар көркем әдебиеті шығармасы мәтіндерінің негізінде ана тіліне, тарихына, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;

10) өз іс-әрекетін адамгершілік, ізгілік тұрғысынан ұйымдастыруға және жауапкершілікпен қарауға баулу;

11) қабылдау, зейін қою, ойлау, есте сақтау, қиял және танымдық белсенділігін дамыту;

12) тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде және күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдана білу;

13) физиологиялық және гигиеналық талаптарды сақтау.

4. Жеке тұлғалық қасиеттердің кеңауқымды дағдылармен бірге дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани бай азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

## 2 «Әліппе» оқу бағдарламасының мазмұны

5. Пән бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы оқу жылында 198 сағатты құрайды.

6. Оқу пәні мазмұнын іріктеу бірліктеріне:

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесі;

2) негізгі тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) қазақ тілінің кейбір грамматикалық құбылыстар жүйесі;

4) орфографиялық, пунктуациялық нормалар;

5) балалар көркем әдебиеті шығармаларының мәтіндері жатады.

7. «Әліппе» оқу бағдарламасының базалық мазмұны үш кезеңнен тұрады: әліппеге дейінгі, әліппе, әліппеден кейінгі кезең.

8. Әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттерін «Әліппе» оқулығы, әліппеден кейінгі кезең міндеттерін «Ана тілі» оқулығы жүзеге асырады.

9. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

2) фонематикалық есту қабілетін дамыту;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыру;

4) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін қолдану, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

5) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба сызу, элементтерді жазу);

6) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және зейіннің тұрақтылығын дамыту;

7) байланыстырып сөйлеуін дамыту.

10. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) қазақ әліпбиіндегі әріптердің дыбыстық қорын, дыбыстық мазмұны күрделі [І, Ý] әріптерін үйрету, олардың жасалу жолдары – артикуляциясын үйрету;

2) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыта отырып, сөйлеу әрекеттерінің түрлерін жетілдіру;

3) фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту;

4) дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;

5) әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;

6) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) туралы қарапайым ұғымдар мен түсініктерді кеңейту;

7) сөзді біртіндеп тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;

8) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазудың каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру:

9) сөздік қорын байыту.

11. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) мәтінді дұрыс, сөз сазын (ырғағын, қарқынын, кідірістерін, фонетикалық заңдылығын) сақтай отырып, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

2) байланыстырып сөйлеуді дамыту;

3) тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын жетілдіру;

4) каллиграфия нормаларын сақтап, сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру.

12. Тыңдалым және айтылым:

1) мұғалім мен өзге білім алушылардың сөзін тыңдау, тыңдаған материалдың мәнін түсіну, сұраққа дұрыс және нақты жауап беру, сөз мағынасын түсіну, сөзді жұмсалу орны мен мағынасына қарай қолдану, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алу;

2) бейвербалды амалдарды (ым-ишара, қимыл), интонацияны (дауыс ырғағы, екпіні, әуені, қарқын, кідіріс) ауызша сөйлеуде қолдану, сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрау, ертегілер айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жұмбақтарды жатқа айту; жаңылтпаш айту арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту, сөздің дыбыстық құрылымын талдау;

3) фонетика: дауысты дыбыстар, олардың жуан, жіңішке болып бөлінуі, дауыссыз дыбыстар, буын – ең кіші айтылым бірлігі, сөздердің буындарға бөлінуі, дауысты дыбыстардың буын құраушылық рөлі, сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін анықтау, сөздерді қазақ тілінің орфоэпиялық заңдарына сәйкес айта білу;

4) лексикалық тақырыптар аясында сөздік қорды арттыру, сөздерден сөйлем құрау, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

5) тыңдаған материалды мазмұндау, сюжетті сурет бойынша немесе көргені, бастан кешкені, естігені туралы әңгімелеу;

6) түрлі жанр мәтіндерін салыстыру;

7) коммуникативтік мақсаттарға сай (топтық қарым-қатынасқа түсу, сұхбатқа қатысу, сахналау, рөлдік ойындар) сөйлеу мәдениетіне дағдылану;

8) тыңдалым материалының көлемі: 30 сек – 1 мин.

13. Оқылым:

1) сөздегі дыбыс саны мен ретін анықтау, дыбыстық талдау жасау;

2) дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну;

3) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

4) сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнін түсіну;

5) дыбыс пен әріпті ажырата білу, әріп – дыбыстың таңбасы екенін білу, жазылған сөздің әріптік құрылымын тану;

6) сөздерді тұтас оқу; шағын мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу; мұғалім қолдауымен мәтіннен қажетті деректерді тауып оқу;

7) дауыстап оқу, түрлі құрылымдағы сөздерді, 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді, 4-8 сөйлемнен тұратын қысқаша мәтіндерді буындық тәсілмен тұтас оқу, сөздерді тұтас оқу; шағын мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу; мұғалім қолдауымен мәтіннен қажетті деректерді тауып оқу;

8) айтылу мақсатына қарай интонацияны (хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдердің интонациясы) сақтап оқу;

9) сөздерді оқу барысында дыбыс үндестігін сақтау;

10) сөздердің мағынасын (мәндес, мағынасы қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер) ажырату, сөздік қорын байыту;

11) мәтін туралы жалпы түсінік, түрлі жанр (өлең, әңгіме, ертегі) мәтіндерін ажырату, дұрыс құрастырылмаған мәтінді қалпына келтіру;

12) мәтіннің тақырыбын «Мәтін кім (не) туралы?» сұрағы арқылы анықтау, оқыған мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру;

13) оқыған мәтіні бойынша өз пікірін білдіру (ұнайды, ұнамайды);

14) әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (суретті кітап, сөздік, анықтамалық, энциклопедия) қажетті ақпараттарды мұғалім қолдауымен табу;

15) мұғалім қолдауымен сурет, сызба түрінде берілген ақпаратты түсіну;

16) II жартыжылдықтың соңында оқу жылдамдығының нормасы: минутына 25-30 сөз; ескерту: шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

14. Жазылым:

1) тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс) сызбалар арқылы модельдеу;

2) жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты, қаламды дұрыс ұстау); кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, босаралық, көлбеу, тік); сурет салу, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу;

3) бас әріп және кіші әріптерді каллиграфиялық талапқа сай жазу; дыбыстардан буын, буындардан сөз құрап, әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу;

4) сөйлемнің бас әріптен басталып, оның құрамындағы сөздердің бөлек жазылатынын, сөйлемнің соңына тыныс белгілер қойылатынын білу және қолдану;

5) есту және есте сақтау арқылы сөздерді (3-7 сөз), жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) жатқа жазу, жазғанын үлгіге қарап тексеру;

5) сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

6) сауатты жазу және каллиграфиялық дағдыларын дамыту;

7) сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын, түсін, дәмін, көлемін, санын, қимыл-әрекетін) беретінін ұғыну және оны орынды қолдану;

8) бас әріптен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, кейіпкер атаулары, жер-су атаулары, жануар, құс аттары) ажырату және дұрыс жазу;

9) заттың аты мен оның санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді анықтау;

9) сөйлеу барысында көптік жалғауды меңгерту және оны дұрыс қолдану;

10) сөйлеу барысында жіктеу есімдіктерін қолдану;

11) сөйлеу барысында тәуелдік және жіктік жалғауларын қолдану;

12) сөйлеу барысында қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) қолдану;

13) мұғалім қолдауымен сөздерді тасымалдау;

14) II жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: сөздік диктант – 4-5 сөз, диктант – 12-20 сөз, мазмұндама мәтінінің көлемі – 15-25 сөз, шығармашылық мәтін көлемі – 10-15 сөз.

## 3 Оқу мақсаттарының жүйесі

15. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: «1» – сынып,«2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

16. «Жазылым» бөлімі бойынша 3.1 «Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу», 3.2 «Түрлі стильде мәтін жазу» бөлімшелерінің оқу мақсаттары 2-4-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінде қарастырылады.

17. Оқу мақсаттарының жүйесі:

| Тыңдалым және айтылым (сөйлеу әрекетінің түрлері) бөлімі | |
|---|---|
| Бөлімше (негізгі дағдылар) | Оқу мақсаттары |
| 1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну | 1.1.1.1 тыңдаған материалдың қандай тілдік бірлік (мәтін, сөйлем, сөз) екенін анықтау, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату |
| 1.2 Тыңдаған материалды мазмұндау | 1.1.2.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, әңгіме картасы) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау |
| 1.3 Оқиғаны болжау | 1.1.3.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтін мазмұнын болжау |
| 1.4 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану | 1.1.4.1 түрлі коммуникативтік жағдаятқа сәйкес әдеп сөздерді қолдану |
| 1.5 Тыңдаушының назарын аудару | 1.1.5.1 сөйлеу барысында сипаттауға, салыстыруға қажетті сөздерді, бейвербалды қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), екпінін, дауыс ырғағын, әуенін, қарқынын, кідірісті қолдану |
| 1.6 Тыңдаған материал бойынша өз пікірін айту | 1.1.6.1 тыңдаған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды) |
| 1.7 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту | 1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту |
| 1.8 Сөздерді орфоэпиялық нормаға сәйкес дұрыс айту | 1.1.8.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау |
| | 1.1.8.2 дыбыстың мағына ажыратушылық қызметін түсіну |
| | 1.1.8.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау |
| Оқылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі | |
| Бөлімше (негізгі дағдылар) | Оқу мақсаттары |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын «оқу» және құрастыру |
| | 1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану |
| 2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау | 1.2.2.1 мұғалім қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау |
| 2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін | 1.2.3.1 мұғалім қолдауымен дұрыс құрылмаған |

| | |
|---|---|
| анықтау | мәтінді қалпына келтіру |
| 2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну | 1.2.4.1 мұғалім қолдауымен мәндес, мағынасы қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздердің мағыналарын ажырату |
| 2.5 Мәтін бойынша сұрақ қою және жауап беру | 1.2.5.1 мәтін, сюжетті сурет бойынша мұғалім қолдауымен сұрақ қою және қойылған сұраққа жауап беру |
| 2.6 Мәтіннің жанрын анықтау | 1.2.6.1 мұғалім қолдауымен мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату |
| 2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу | 1.2.7.1 әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітап, энциклопедия) мұғалім қолдауымен ақпарат табу |
| 2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 1.2.8.1 мұғалім қолдауымен түрлі жанр (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндері арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау |
| 2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату | 1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру |
| Жазылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі | |
| Бөлімше (негізгі дағдылар) | Оқу мақсаттары |
| 3.3 Жоспар құру | 1.3.3.1 сюжетті суреттердің ретін анықтау және оған ат қою арқылы қарапайым жоспар құру |
| 3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу | 1.3.4.1 оқыған, тыңдаған мәтіннің мазмұнын мұғалім қолдауымен жазу |
| 3.5 Мәтінді түрлі формада құрау | 1.3.5.1 берілген тақырып бойынша шағын мәтінді графикалық (сызба, сурет, белгілер арқылы) жазу |
| 3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу | 1.3.6.1 мұғалім қолдауымен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама) шағын мәтін құрап жазу |
| 3.7 Қатені табу және түзету | 1.3.7.1 жазған жұмысты (сөз, сөйлем, мәтін) мұғалім қолдауымен тексеру және қатесін түзету |
| 3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау | 1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтері мен әріптердің бір-бірімен байланысын каллиграфиялық талаптарға сай жазу |
| 3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау | 1.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді есту, есте сақтау арқылы жазу |
| | 1.3.9.2 мұғалім қолдауымен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді анықтау |
| | 1.3.9.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, кейіпкер атаулары, жер-су атаулары, жануар, құс аттары) анықтау |
| 3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау | 1.3.10.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану |
| | 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану |
| | 1.3.10.3 сөйлеу барысында көптік жалғауды дұрыс қолдану |

| | |
|---|---|
| | 1.3.10.4 сөйлеу барысында қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) қолдану |
| 3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою |

18. Осы оқу бағдарламасы қосымшада келтірілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу бағдарламасының ұзақмерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақмерзімді жоспар**

| | Ортақ тақырып | Бөлімше (негізгі дағдылар) | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Әліппеге дейінгі кезең<br><br>Әліппе кезеңі | 1. Өзім туралы<br><br>2. Менің мектебім | 1-тоқсан | |
| | | Тыңдалым және айтылым (сөйлеу әрекетінің түрлері) бөлімі бойынша | |
| | | 1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну | 1.1.1.1 тыңдаған материалдың қандай тілдік бірлік (мәтін, сөйлем, сөз) екенін анықтау, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату; |
| | | 1.2 Тыңдаған материалды мазмұндау | 1.1.2.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, әңгіме картасы) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; |
| | | 1.4 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану | 1.1.4.1 түрлі коммуникативтік жағдаятқа сәйкес әдеп сөздерді қолдану; |
| | | 1.5 Тыңдаушының назарын аудару | 1.1.5.1* сөйлеу барысында сипаттауға, салыстыруға қажетті сөздерді, бейвербалды қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), екпінін, дауыс ырғағын, әуенін, қарқынын, кідірісті қолдану; |
| | | 1.6 Тыңдаған материал бойынша өз пікірін айту | 1.1.6.1 тыңдаған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды); |
| | | 1.7 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту | 1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту; |
| | | 1.8 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту | 1.1.8.1* сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау;<br>1.1.8.2 дыбыстың мағына ажыратушылық қызметін түсіну;<br>1.1.8.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау |
| | | Оқылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын «оқу» және құрастыру;<br>1.2.1.2* оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану; |
| | | 2.5 Мәтін бойынша сұрақ қою және жауап беру | 1.2.5.1* мәтін, сюжетті сурет бойынша мұғалім қолдауымен сұрақ қою және қойылған сұраққа жауап беру; |
| | | 2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату | 1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру |
| | | Жазылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау | 1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтері мен әріптердің бір-бірімен байланысын каллиграфиялық талаптарға сай жазу; |
| | | 3.10 Грамматикалық | 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | нормаларды сақтау<br><br><br><br><br><br><br>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау | жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану;<br>1.3.10.3 сөйлеу барысында көптік жалғауды дұрыс қолдану;<br>1.3.10.4 сөйлеу барысында қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) қолдану;<br>1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою |
| Әліппе кезеңі | 3. Менің отбасым және достарым<br><br><br>4. Бізді қоршаған әлем | 2-тоқсан | |
| | | Тыңдалым және айтылым (сөйлеу әрекетінің түрлері) бөлімі бойынша | |
| | | 1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну<br>1.2 Тыңдаған материалды мазмұндау<br>1.4 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану<br>1.5 Тыңдаушының назарын аудару<br><br><br><br><br>1.6 Тыңдаған материал бойынша өз пікірін айту<br>1.7 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту<br>1.8 Дыбыстарды, сөздерді, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту | 1.1.1.1 тыңдаған материалдың қандай тілдік бірлік (мәтін, сөйлем, сөз) екенін анықтау, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату;<br>1.1.2.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, әңгіме картасы) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау;<br>1.1.4.1 түрлі коммуникативтік жағдаятқа сәйкес әдеп сөздерді қолдану;<br>1.1.5.1* сөйлеу барысында сипаттауға, салыстыруға қажетті сөздерді, бейвербалды қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), екпінін, дауыс ырғағын, әуенін, қарқынын, кідірісті қолдану;<br>1.1.6.1 тыңдаған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды);<br>1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту;<br>1.1.8.1* сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау;<br>1.1.8.2 дыбыстың мағына ажыратушылық қызметін түсіну;<br>1.1.8.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау |
| | | Оқылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 2.1 Оқу түрлерін қолдану<br><br><br><br>2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну<br><br><br><br>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қою және жауап беру<br>2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату | 1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын «оқу» және құрастыру;<br>1.2.1.2* оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.2.4.1* мұғалім қолдауымен мәндес, мағынасы қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздердің мағыналарын ажырату;<br>1.2.5.1* мәтін, сюжетті сурет бойынша мұғалім қолдауымен сұрақ қою және қойылған сұраққа жауап беру;<br>1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Жазылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру<br>3.7 Қатені табу және түзету<br><br>3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау<br><br><br><br><br>3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау<br><br>3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау<br><br><br><br><br><br><br>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 1.3.5.1* берілген тақырып бойынша шағын мәтінді графикалық (сызба, сурет, белгілер арқылы) жазу;<br>1.3.7.1* жазған жұмысты (сөз, сөйлем, мәтін) мұғалім қолдауымен тексеру және қатесін түзету;<br>1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтері мен әріптердің бір-бірімен байланысын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;<br>1.3.9.1* айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді есту, есте сақтау арқылы жазу;<br>1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану;<br>1.3.10.3 сөйлеу барысында көптік жалғауды дұрыс қолдану;<br>1.3.10.4 сөйлеу барысында қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) қолдану;<br>1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою |
| Әліппеден кейінгі кезең | 5. Саяхат<br><br>6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | 3-тоқсан | |
| | | Тыңдалым және айтылым (сөйлеу әрекетінің түрлері) бөлімі бойынша | |
| | | 1.3 Оқиғаны болжау<br><br>1.4 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану<br>1.5 Тыңдаушының назарын аудару<br><br><br><br><br>1.7 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту<br>1.8 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту | 1.1.3.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтін мазмұнын болжау;<br>1.1.4.1 түрлі коммуникативтік жағдаятқа сәйкес әдеп сөздерді қолдану;<br><br>1.1.5.1* сөйлеу барысында сипаттауға, салыстыруға қажетті сөздерді, бейвербалды қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), екпінін, дауыс ырғағын, әуенін, қарқынын, кідірісті қолдану;<br>1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту;<br>1.1.8.1* сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау |
| | | Оқылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 2.1 Оқу түрлерін қолдану<br>2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды | 1.2.1.2* оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.2.2.1 мұғалім қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | анықтау | |
| | | 2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау | 1.2.3.1 мұғалім қолдауымен дұрыс құрылмаған мәтінді қалпына келтіру; |
| | | 2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну | 1.2.4.1* мұғалім қолдауымен мәндес, мағынасы қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздердің мағыналарын ажырату; |
| | | 2.5 Мәтін бойынша сұрақ қою және жауап беру | 1.2.5.1* мәтін, сюжетті сурет бойынша мұғалім қолдауымен сұрақ қою және қойылған сұраққа жауап беру; |
| | | 2.6 Мәтіннің жанрын анықтау | 1.2.6.1* мұғалім қолдауымен мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; |
| | | 2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу | 1.2.7.1* әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітап, энциклопедия) мұғалім қолдауымен ақпарат табу; |
| | | 2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 1.2.8.1 мұғалім қолдауымен түрлі жанр (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндері арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау |
| | | Жазылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 3.3 Жоспар құру | 1.3.3.1 сюжетті суреттердің ретін анықтау және оған ат қою арқылы қарапайым жоспар құру; |
| | | 3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу | 1.3.4.1* оқыған, тыңдаған мәтіннің мазмұнын мұғалім қолдауымен жазу; |
| | | 3.5 Мәтінді түрлі формада құрау | 1.3.5.1* берілген тақырып бойынша шағын мәтінді графикалық (сызба, сурет, белгілер арқылы) жазу; |
| | | 3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу | 1.3.6.1* мұғалім қолдауымен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама) шағын мәтін құрап жазу; |
| | | 3.7 Қатені табу және түзету | 1.3.7.1* жазған жұмысты (сөз, сөйлем, мәтін) мұғалім қолдауымен тексеру және қатесін түзету; |
| | | 3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау | 1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтері мен әріптердің бір-бірімен байланысын каллиграфиялық талаптарға сай жазу; |
| | | 3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау | 1.3.9.1* айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді есту, есте сақтау арқылы жазу;<br>1.3.9.2 мұғалім қолдауымен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді анықтау;<br>1.3.9.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, кейіпкер атаулары, жер-су атаулары, жануар, құс аттары) анықтау; |
| | | 3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау | 1.3.10.1* заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажырату |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | және орынды қолдану |
| Әліппеден кейінгі кезең | 7. Тағам мен сусын<br><br>8. Дені саудың жаны сау | 4-тоқсан | |
| | | Тыңдалым және айтылым (сөйлеу әрекетінің түрлері) бөлімі бойынша | |
| | | 1.3 Оқиғаны болжау<br><br>1.4 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану<br>1.7 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту | 1.1.3.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтін мазмұнын болжау;<br>1.1.4.1 түрлі коммуникативтік жағдаятқа сәйкес әдеп сөздерді қолдану;<br><br>1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту |
| | | Оқылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 2.1 Оқу түрлерін қолдану<br>2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау<br>2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау<br>2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну<br><br><br><br>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қою және жауап беру<br>2.6 Мәтіннің жанрын анықтау<br>2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу<br><br>2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 1.2.1.2* оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.2.2.1 мұғалім қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау;<br><br>1.2.3.1 мұғалім қолдауымен дұрыс құрылмаған мәтінді қалпына келтіру;<br><br>1.2.4.1 мұғалім қолдауымен мәндес, мағынасы қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздердің мағыналарын ажырату;<br>1.2.5.1* мәтін, сюжетті сурет бойынша мұғалім қолдауымен сұрақ қою және қойылған сұраққа жауап беру;<br>1.2.6.1* мұғалім қолдауымен мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату;<br>1.2.7.1 әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітап, энциклопедия) мұғалім қолдауымен ақпарат табу;<br>1.2.8.1 мұғалім қолдауымен түрлі жанр (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндері арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау |
| | | Жазылым (сөйлеу әрекетінің түрі) бөлімі бойынша | |
| | | 3.3 Жоспар құру<br><br><br>3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу<br>3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу<br>3.7 Қатені табу және түзету<br><br>3.8 Каллиграфиялық | 1.3.3.1 сюжетті суреттердің ретін анықтау және оған ат қою арқылы қарапайым жоспар құру;<br>1.3.4.1* оқыған, тыңдаған мәтіннің мазмұнын мұғалім қолдауымен жазу;<br><br>1.3.6.1* мұғалім қолдауымен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама) шағын мәтін құрап жазу;<br>1.3.7.1* жазған жұмысты (сөз, сөйлем, мәтін) мұғалім қолдауымен тексеру және қатесін түзету;<br>1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | нормаларды сақтау | жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтері мен әріптердің бір-бірімен байланысын каллиграфиялық талаптарға сай жазу; |
| | | 3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау | 1.3.9.1* айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді есту, есте сақтау арқылы жазу; |
| | | 3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау | 1.3.10.1* заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану |

Ескерту:

«*» белгіленген оқу мақсаттары бөлігінің жүзеге асырылатынын көрсетеді.

# Қосымша

## Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің каллиграфиялық үлгісі

| № | Әріптің баспа үлгісі | Әріптің атауы | Әріптің хұснихат (каллиграфиялық) үлгісі | Жазба бас әрпінің жазылу сипаттамасы | Жазба кіші әрпінің жазылу сипаттамасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | **Aa** | [a] |  | *A*–ның бас әрпінің жазылуы 3 элементтен тұрады.<br>▪ Әріп жазу жолының ортасынан сәл төменірек нүктеден басталады. Сызық төмен қарай имектеліп,төменгі сызықты жанап барып, көлбеу сызық арқылы жоғары көтеріледі.<br>▪ Жазу жолының жоғарғы жағынан тоқтайды да қолды үзбей төменгі сызыққа дейін тік түсіп, оңға иіледі.<br>▪ Әріптің ортасынан, үстіңгі жұмыс жолын бастыра өтіп, белбеу сызығы сызылады. Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | *a*-ның кіші әрпінің жазылуы 2 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының ортаңғы тұсының сәл жоғарғы нүктесінен солға қарай ие отырып, үстіңгі сызықты жанай өтетін сопақша салынады.<br>▪ Сызық қолды үзбей жазу арқылы төменгі жазу жолын да жанап өтіп алғашқы нүктеге барып түйіседі.<br>▪ Екінші элементі жазу жолының үстіңгі сызығынан басталып, төмен қарай алғашқы элементпен жанасып барып, жазу жолының төменгі сызығына жеткенде оңға қарай иіледі. Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |
| 2. | **Áá** | [á] |  | *Á*–нің бас әрпінің жазылуы 4 элементтен тұрады.<br>▪ Әріп жазу жолының ортасынан сәл төменірек нүктеден басталады. Сызық төмен қарай имектеліп, төменгі сызықты жанап барып, көлбеу сызық арқылы жоғары көтеріледі.<br>▪ Жазу жолының жоғарғы жағынан тоқтайды да қолды үзбей төменгі сызыққа дейін тік түсіп, оңға иіледі.<br>▪ Әріптің ортасынан, үстіңгі жұмыс жолын | ▪ *á*-нің кіші әрпінің жазылуы 3 элементтен тұрады. Жазу жолының ортаңғы тұсының сәл жоғарғы нүктесінен солға қарай ие отырып, үстіңгі сызықты жанай өтетін сопақша салынады.<br>▪ Сызық қолды үзбей жазу арқылы төменгі жазу жолын да жанап өтіп алғашқы нүктеге барып түйіседі.<br>▪ Екінші элементі жазу жолының үстіңгі сызығынан басталып, төмен қарай алғашқы элементпен жанасып барып, жазу жолының төменгі сызығына жеткенде оңға қарай иіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бастыра өтіп, белбеу сызығы сызылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. | ▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады.<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. |
| 3. | **Bb** | [by] |  | ***B***-ның бас әрпі үзіліссіз жазылатын 3 элементтен тұрады.<br>▪ Үстіңгі жазу жолының жоғарғы жағынан басталған көлбеу сызық жазу жолының төменгі сызығына дейін түсіріліп, солға қарай иіліп, имектеліп қиғаш жоғары көтеріледі.<br>▪ Сызық жазу жолының жоғарғы жағынан көлбеу сызықты қиып өтіп, оңға қарай иілген екі жарты сопақшадан тұрады.<br>▪ Бірі жазу жолының үстіңгі жағына, екіншісі жазу жолының ішіне салынады.<br>▪ Келесі әріпке көмекші сызықша арқылы жалғанады. | ***b***-ның кіші әрпі.<br>▪ Жазу жолының ішіндегі ортаңғы нүктесінен басталып, үстіңгі сызығынан жоғары қарай көтеріп солға ілмектей отырып, иілген сызық төмен қарай көлбеу сызықпен түсіріледі..<br>▪ Қолды үзбей жазу жолының ішіне дөңгелете отырып,жұмыс жолдарымен жанасып өтетін сопақша саламыз.<br>▪ Келесі әріпке көмекші сызықша арқылы жалғанады. |
| 4. | **Dd** | [dy] |  | ***D***-ның бас әрпі 3 элементтен тұрады.<br>▪ Жұмыс жолының жоғарғы жағынан төмен қарай көлбеу сызықты жазу жолының төменгі сызығына дейін түсіріп, имектеп әкеліп, көлбеу таяқшаны қиып өтіп, қайтадан жазу жолының төменгі сызығын жанай өтіп жоғары қарай доға тәрізді иіліп салынады.<br>▪ Келесі әріпке көмекші сызықша арқылы жалғанады. | ***d***-ның кіші әрпі 2 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының ортасынан дөңгелете отырып жоғары көтеріп, үстіңгі, төменгі жазу жолын жанап өтетін бастапқы нүктемен барып түйісетін сопақша салынады.<br>▪ Екінші элементі жазу жолының үстіңгі сызығынан үлкен әріп биіктігінің өлшемімен бірдей биіктікте басталып, төмен қарай көлбеу сызық арқылы төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға қарай иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | **Ee** | [e] |  | ***E***-ның бас әрпі 2 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының үстіңгі жағынан солға қарай жарты сопақша арқылы жазу жолының үстіңгі сызығына дейін салынады да,<br>▪ екінші элементі жұмыс жолының ішінде салынады.<br>▪ Келесі әріпке оңға қарай созылған имегі арқылы жалғанады. | ***e***–нің кіші әрпі 1 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының ортасынан оңға қарай үстіңгі сызықты жанап өтетін ілгек арқылы жарты сопақша салынады.<br>▪ Келесі әріпке оңға қарай созылған имегі арқылы жалғанады. |
| 6. | **Ff** | [fy] |  | ***F***-ның бас әрпі – 3 элементтен тұрады.<br>▪ Жұмыс жолының жоғарғы жағынан төмен қарай көлбеу сызық арқылы жазу жолының астыңғы сызығына дейін соза отырып, солға қарай иіледі.<br>▪ Екінші элементі төменнен жоғары қарай иілген имек арқылы басталып,көлденең түседі.<br>▪ Үшінші элементі көлбеу сызықтың үстіңгі жұмыс жолымен түйіскен жерінен белдік сызық салынады. | ***f***–ның кіші әрпі 2 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының ортаңғы нүктесінен басталып, жоғарылап оңға қарай көтере ілмек жасай отырып, көлбеу сызықпен төменге көлбеу сызық түседі.<br>▪ Қолды үзбей көлбеу сызықты жазу жолының төменгі сызығынан түсіреміз.<br>▪ Жазу жолының төменгі сызығымен түйіскен жеріне ойық белдік салынады.<br>▪ Келесі әріпке ойық белдігі арқылы жалғанады. |
| 7. | **Gg** | [gi] |  | ***G***–ның бас әрпі 2 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының жоғарғы жағынан оңнан солға қарай жарты ай сала отырып, жазу жолының төменгі сызығын жанай өтіп, жазу жолының ортасына дейін көтеріледі.<br>▪ Соңғы тоқтаған нүктеден қолды үзбей төмен қарай ілгек салынады.<br>▪ Ілгек жазу жолының астыңғы сызығынан | ***g***–ның кіші әрпі 2 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының ішінен солға қарай дөңгелете отырып, үстіңгі, төменгі жұмыс жолын жанай өтетін қолды үзбей бастапқы нүктеге барып түйісетін сопақша салынады.<br>▪ Екінші элементі жазу жолының үстіңгі сызығынан басталып көлбеу сызық арқылы алғащқы элементпен жанаса өтетін ,жазу жолының төменгі сызығынан төмен түсіп, солға қарай иілген ілгек арқылы төменгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төмен түсіріліп салынады және қиылысу нүктесі төменгі жұмыс жолында болады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады | жұмыс жолымен түйісе отырып сәл жоғары созылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |
| 8. | **Ǵǵ** | [ǵy] |  | ***G***–ның бас әрпі 2 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының жоғарғы жағынан оңнан солға қарай жарты ай сала отырып, жазу жолының төменгі сызығын жанай өтіп, жазу жолының ортасына дейін көтеріледі.<br>▪ Соңғы тоқтаған нүктеден қолды үзбей төмен қарай ілгек салынады.<br>▪ Ілгек жазу жолының астыңғы сызығынан төмен түсіріліп салынады және қиылысу нүктесі төменгі жұмыс жолында болады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады Әріптің үстіне акут қойылады. | ***ǵ***-ның кіші әрпі 2 элементтен тұрады.<br>Жазу жолының оң жағынан солға қарай дөңгелете отырып, үстіңгі жұмыс жолын жанай өтіп, қолды үзбей жазу жолының астыңғы сызығын жанай өтіп, жоғары көтеріледі.<br>▪ Екінші элементі жазу жолының үстіңгі сызығынан басталып көлбеу сызық арқылы жазу жолының төменгі сызығынан түсіре имектей отырып, төменгі жұмыс жолымен түйісе отырып сәл жоғары созылады.<br>▪ Келесі әріпке оңға қарай созылған сызығы арқылы жалғанады.<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. |
| 9. | **Hh** | [hy] |  | ***H***-ның 4 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан ілгек жасай отырып, төменгі жазу жолына дейін көлбеу сызық түсіріледі.<br>▪ Төменгі жазу жолына жеткізіп солға қарай иіп,жоғары қарай қиғаш сызық түседі.<br>▪ Биіктігі бірінші элементпен теңесе отырып, солға қарай имектеліп ілгек арқылы қайтадан төменге көлбеу сызық түседі.<br>▪ Төменгі жұмыс | ***h***-ның 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан көлбеу сызық төменгі жұмыс жолына дейін түсіріледі.<br>▪ Екінші элементі жазу жолының ішіндегі көлбеу сызықтың жоғарылау нүктесінен басталып, имектеле отырып, үстіңгі жазу жолын жанай өтіп, көлбеу сызық арқылы төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады.<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. | |
| 10. | **İi** | [i] |  | ***İ***-нің бас әрпі 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан ілгек жасай отырып, төменгі жазу жолына дейін көлбеу сызық түсіріледі де төменгі жазу жолына жеткенде солға қарай имек жасалады.<br>▪ Әріптің үстіне нүкте қойылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***i***-нің кіші әрпі де 3 элементтен тұрады:<br>▪ Үстіңгі жұмыс сызығынан төменгі жазу сызығына дейін көлбеу сызық түсіріледі.<br>▪ Жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде оңға қарай иіледі.<br>▪ Әріптің үстіне нүкте қойылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |
| 11. | **Iı** | [ıı] |  | ***I***-нің бас әрпі 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан ілгек жасай отырып, төменгі жазу жолына дейін көлбеу сызық түсіріледі де, төменгі жазу жолына жеткенде солға қарай имек жасалады.<br>Имек келесі әріпке үзбей алғанады.. | ***ı***-нің кіші әрпі де 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жұмыс жолының үстіңгі сызығынан басталып, төменгі жазу жолына дейін көлбеу сызық түсіріледі.<br>▪ Жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде оңға қарай иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |
| 12. | **Jj** | [jy] |  | ***J***-ның бас әрпі 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан ирек сызықпен басталады.<br>▪ Сызықтың соңғы нүктесінен төменгі жазу сызығына дейін көлбеу түзу түседі.<br>▪ Төменгі жұмыс жолына жеткізіп, солға қарай имектей отырып ілгек жол ортасында таяқшамен қиылысып барып сәл жоғары көтеріледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***j***-ның кіші әрпі де 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары сызығынан төменге көлбеу сызық сызылады.<br>▪ Көлбеу сызық жұмыс жолының төменгі сызығынан төмен түсіп, имектеліп келіп, ілгек арқылы төменгі жұмыс сызығымен қиылыса отырып, сәл жоғары көтеріледі.<br>▪ Әріптің үстіне нүкте қойылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13. | **Kk** | [ki] |  | ***K***-нің бас әрпі<br>4 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан ілгек жасай отырып, төменгі жазу жолына дейін көлбеу сызық түсіріледі де төменгі жазу жолына жеткенде солға қарай имектеліп ілгек арқылы қиғаштап жоғары көтеріледі.<br>▪ Сызық жазу жолымен түйіскен нүктеден жоғары көтеріліп, бірінші элементпен теңесіп барып, оңға қарай иіледі.<br>▪ Үшінші элементі үстіңгі жұмыс жолындағы қиылысу нүктесінен басталып, сызық үстімен имектеле келіп көлбеу сызық арқылы төмен түсіп, төменгі жазу сызығына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***k***-нің кіші әрпі де 3 элементтен тұрады:<br>Жазу жолының жоғарғы жағынан үлкен әріппен теңесетін биіктіктен басталып, жолдың төменгі сызығына дейін көлбеу сызық жүргізіледі.<br>Бірінші элементтің жазу жолы ішіндегі ортаңғы нүктесінен жоғары қарай қиғаш сыза отырып, үстіңгі жазу жолына жеткенде иіледі.<br>Түйіскен нүктеден имектей отырып,төменгі сызыққа дейін көлбеу түсіп, төменгі сызыққа жеткенде оңға иіледі.<br>Имек келесі әріпке үзбей жалғанады |
| 14. | **Ll** | [yl] |  | ***L***-дың бас әрпі<br>3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан оңнан солға қарай доға тәріздес имек жасай отырып, отырып, көлбеу түзу сызық түсіріледі.<br>▪ Төменгі жазу жолына жеткенде оңға сәл жоғары көтеріліп төменгі жұмыс жолын жанап барып көтерілетін ирек салынады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***l***-дың кіші әрпі де 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының ортаңғы нүктесінен оңға қарай көтере отырып, биіктігін үлкен әріппен теңесетіндей биіктікке жеткенде иіп әкеліп, ілмек жасап, үстіңгі жазу жолында алғашқы элементті қиып өтіп, төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15. | **Mm** | [my] |  | ***M***-ның бас әрпі 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының төменгі сызығынан сәл жоғары басталып, төмен қарай имектеле түсіп, төменгі сызыққа жеткенде жоғары қарай жазу жолының жоғарғы жағына дейін сызылатын көлбеу сызық салынады.<br>▪ Сол тоқтаған нүктеден төмен қарай көлбеу сызық түсіп, төменгі жұмыс жолында оңға иіледі.<br>▪ Үшінші элементі алғашқы элементтердің биіктігімен бірдей көлемде басталып, екінші элементтің соңғы нүктесін жанай отырып,көлбеу сызық арқылы төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***m***-ның кіші әрпі 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының үстіңгі сызығынан төменгі сызыққа дейін көлбеу сызық түсіреміз.<br>▪ Көлбеу сызықтың ортаңғы нүктесінен сәл жоғары алып,имектей отырып, үстіңгі жазу жолын жанап барып түсетін көлбеу сызық салынады.<br>▪ Алдыңғы элементтің ортаңғы нүктесінен сәл жоғары алып,имектей отырып,үстіңгі жазу жолын жанап барып түсетін көлбеу сызық төменгі жазу жолында оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |
| 16. | **Nn** | [ny] |  | ***N***-ның бас әрпі 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының төменгі сызығынан сәл жоғары басталып, төмен қарай имектеле түсіп, төменгі сызыққа жеткенде жоғары қарай жазу жолының жоғарғы жағына дейін сызылатын көлбеу сызық салынады<br>▪ Сызықтың жоғарғы жағындағы соңғы нүктесінен төменгі жазу жолына дейін тік түзу түседі.<br>▪ Алдыңғы элементтің соңғы нүктесінен жоғары қарай көлбеу сызық салынып бастапқы элементтермен теңесіп | ***n***-ның кіші әрпі 3 элементтен тұрады:<br>▪ Жазу жолының ішінде үстіңгі сызықтан төменгі сызыққа дейін көлбеу сызық жүргізіледі.<br>▪ Алдыңғы элементтің ортаңғы нүктесінен сәл жоғары алып,имектей отырып,үстіңгі жазу жолын жанап барып түсетін көлбеу сызық төменгі жазу жолында оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | барып төмен қарай иіледі. Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады. | |
| 17. | **Ńń** | [уń] |  | ▪ ***Ń***-ның бас әрпі 3 элементтен тұрады. Жазу жолының төменгі сызығынан сәл жоғары басталып, төмен қарай имектеле түсіп, төменгі сызыққа жеткенде жоғары қарай жазу жолының жоғарғы жағына дейін сызылатын көлбеу сызық салынады<br>▪ Сызықтың жоғарғы жағындағы соңғы нүктесінен төменгі жазу жолына дейін тік түзу түседі.<br>▪ Алдыңғы элементтің соңғы нүктесінен жоғары қарай көлбеу сызық салынып бастапқы элементтермен теңесіп барып төмен қарай иіледі.<br>▪ Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. | ***ń***-ның кіші әрпі де 3 элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының ішінде жоғары жағынан төменгі сызыққа дейін көлбеу сызық жүргізіледі.<br>▪ Алдыңғы элементтің ортаңғы нүктесінен сәл жоғары алып,имектей отырып,үстіңгі жазу жолын жанап барып түсетін көлбеу сызық төменгі жазу жолында оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады.<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. |
| 18. | **Oo** | [o] |  | ***O***-ның бас әрпі 1 ғана сопақша (еңкейген элипс) элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының жоғарғы жағынан оңнан солға қарай дөңгелете отырып, доға жасап иіледі.<br>▪ Қолды үзбей жаза отырып, жазу жолының төменгі жазу жолын жанап өтіп, оңға қарай доға жасай отырып, бастапқы нүктеге барып түйіседі. | ***o***-ның кіші әрпінің жазылуындағы айырмашылығы көлемінде болғандықтан, бас әрпін жазған тәртіппен жазу жолының ішіне жазамыз.<br>▪ Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ▪ Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады. | |
| 19. | **Óó** | [ó] |  | ***Ó***-нің бас жазылуындай, айырмашылығы төбесіне акут қойылады. | ó-нің кіші әрпінің жазылуындағы айырмашылығы төбесіне акут қойылады. |
| 20. | **Pp** | [ру] |  | ***P***-ның бас әрпінің айырмашылығы үзіліспен жазылады.<br>▪ Жоғарғы жазу сызығының үстінен төменге көлбеу сызық түсіріліп, төменгі жазу сызығына келгенде сол жаққа қарай имек жасалады.<br>▪ Таяқшаның үстіне солдан оңға қарай көлденең доға сызығын саламыз.<br>▪ Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады. | ***p***-ның кіші әрпінің жазылуы<br>▪ Жазу жолының үстіңгі сызығынан төменгі жазу жолынан түсіре отырып көлбеу таяқша жүргізіледі.<br>▪ Алдыңғы элементтің ортаңғы нүктесінен сәл жоғары алып,имектей отырып,үстіңгі жазу жолын жанап барып түсетін көлбеу сызық төменгі жазу жолында оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |
| 21. | **Qq** | [qу] |  | ***Q***-ның бас әрпінің жазылуы үзіліспен жазылады.<br>▪ Жазу жолының жоғарғы жағынан оңнан солға қарай дөңгелете отырып, доға жасап иіледі.<br>▪ Қолды үзбей жаза отырып, жазу жолының төменгі жазу жолын жанап өтіп, оңға қарай доға жасай отырып, бастапқы нүктеге барып түйіседі.<br>▪ әріптің ішкі төмендеу нүктесі арқылы басталып, сәл жоғары доғалау сызық арқылы төмен түсіп, үлкен әріпті қиып өтіп,төменгі жазу жолына жанасып барып жоғары иіледі. | ▪ ***q***-ның кіші әрпінің жазылуы:<br>▪ Жазу жолының үстіңгі сызығынан сәл төменнен оңнан солға қарай жазу жолын толтырып дөңгелек жасалады.<br>▪ Оған жанастыра жоғарғы жұмыс жолынан төменгі жұмыс жолынан асырып көлбеу сызық түсіріледі.<br>▪ Қолды үзбей оңға қарай қайырып сүйір бұрыш жасап, төменгі жұмыс жолына барып түйіседі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | |
| 22. | **Rr** | [уr] |  | ***R***-дың бас әрпінің жазылуы үзіліспен жазылады.<br>▪ .Жоғарғы жазу сызығының жоғарғы жағынан төменге көлбеу таяқша түсіріп, төменгі жазу сызығына жеткенде солға қарай иіледі.<br>▪ Басталған нүктенің сол жағын ала оңға қарай дөңгелетіп ие отырып, үстіңгі жазу жолында алғашқы элементпен түйісетін доға салынады.<br>▪ Жазуды үзбей, көлденең әкеліп барып төменгі жолға көлбеу түсіп, оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***r***-дың кіші әрпінің жазылуы:<br>▪ Жазу жолының ортасынан сәл жоғары басталып, үстіңгі жазу жолын жанап қайта төмендеп барып көтерілетін ойық арқылы басталады.<br>▪ Қолды үзбей салынған ирек сызық үстіңгі жазу жолынан төменге дейін көлбеу түсіп барып оңға иіліп аяқталады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |
| 23. | **Ss** | [sy] |  | ***S***-ның бас әрпінің жазылуы:<br>▪ Жоғарғы жазу сызығының үстінен солға қарай доғал саламыз<br>▪ Жазуды үзбей, төменгі жазу жолына қиғаш түсіріледі де жоғарғы доғалға керісінше бағытта сәл үлкендеу доғал салынады.<br>▪ Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады | ***s***-ның кіші әрпінің жазылуы:<br>▪ Жоғарғы жазу сызығының ортасынан оңға қарай имектеліп барып ілмек үстіңгі жазу жолын жанай отырып, солдан оңға қарай доғаланып төменгі жұмыс жолымен жанасып солға иіледі.<br>▪ Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады |
| 24. | **Tt** | [ty] |  | ***T***-ның бас әрпінің жазылуы үзіліспен жазылады.<br>▪ .Жоғарғы жазу сызығының үстінен төменге көлбеу таяқша түсіріп, төменгі жазу сызығына келгенде оңға қарай доға ілгек жасаймыз; | ***t***-ның кіші әрпінің жазылуы үзіліспен 2 элементпен жазылады.<br>▪ Жоғарғы жазу сызығының үстінен төменге көлбеу таяқша түсіріп, төменгі жазу сызығына келгенде оңға иіледі.<br>▪ Үстіңгі жұмыс жолымен түйіскен жеріне сызықша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ▪ Таяқшаның сол жағынан төменнен жоғары қарай имектеліп келген көлденең сызық салынады..<br>▪ Келесі әріпке төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады. | салынады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады |
| 25. | **Uu** | [u] |  | ***U***-ның бас әрпінің жазылуы екі элементтен тұрады.<br>▪ Үлкен әрпі екі ілмек көлбеу таяқшадан тұрады.<br>▪ Жазу жолының үстіңгі жағынан доғал имектеліп басталып, көлбеу төменгі сызығына дейін келгенде оңға иіледі.<br>▪ Бірінші элемент биіктігімен теңесетін көлбеу таяқша төменгі сызыққа келгенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады | ***u***-ның кіші әрпінің жазылуы<br>▪ Жазу жолының ішінде жазылады.. Жазу жолының ішінен үзілместен екі ілмек көлбеу сызықша сызылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады |
| 26. | **Úú** | [ú] |  | ▪ ***Ú***-нің бас әрпі екі элементтен тұрады. Үлкен әрпі екі ілмек көлбеу таяқшадан тұрады.<br>▪ Жазу жолының үстіңгі жағынан доғал имектеліп басталып, көлбеу төменгі сызығына дейін келгенде оңға иіледі.<br>▪ Бірінші элемент биіктігімен теңесетін көлбеу таяқша төменгі сызыққа келгенде оңға иіледі.<br>▪ Үстіне акут қойылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***ú***-нің кіші элементінің жазылуы:<br>▪ Жазу жолының ішінде жазылады.. Жазу жолының ішінен үзілместен екі ілмек көлбеу сызықша сызылады.<br>▪ Үстіне акут қойылады.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 27. | **Vv** | [vy] |  | ***V***-ның үлкен әрпінің жазылуы үш элементтен тұрады.<br>▪ Жазу жолының үстіңгі жағынан ілмектеліп басталған көлбеу сызық төменгі сызықты жанай, ойық жасай жоғары көтеріліп,алдыңғы элементпен теңесе отырып, оңға қарай қысқа ойықпен аяқталады.<br>▪ Келесі әріпке көмекші сызықтар арқылы жалғасады. | ***v***-ның кіші әрпінің жазылуы да үш элементтен тұрады.<br>▪ Алдымен үстіңгі жазу жолының сызығынан көлбеу төменгі сызығына дейін келгенде оңға иіліп ойық жасай жоғары сызыққа дейін көтеріледі де оңға қарай қысқа ойық салынады. |
| 28. | **Уу** | [у] | | ***У***-ның бас әрпінің жазылуы үш элементтен тұрады.<br>▪ Үлкен әріпі имектен көлбеу таяқшадан,баудан тұрады.<br>▪ Жазу жолының үстіңгі жағынан имектеліп келіп түзу түсіп,жазу жолының үстіңгі сызығынан оңға бұрылады.<br>▪ Бірінші элементттің биіктігіне теңесіп басталып,төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Келесі әріпке көмекші сызық арқылы жалғанады. | ***у***-ның кіші әрпінің жазылуы: үш элементтен тұрады. Ілмек, көлбеу сызық, ілгек..<br>▪ Жазу жолының үстіңгі нүктесінен басталып, төменгі жазу жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ екінші элементі жазу жолының үстіңгі нүктесінен басталып, алғашқы элементтің соңғы нүктесін жанай өтіп, төменгі жазу жолынан төмен түсіп, имектеліп ілгек арқылы төменгі жұмыс жолының түйіскен жерінен қиып өтіп, сәл жоғары көтеріледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады |
| 29. | **Ýý** | [ý] |  | ***Ý***-дың бас әрпінің жазылуы төрт элементтен тұрады. Үлкен әріпі имектен, көлбеу таяқшадан, ілгектен, акуттан тұрады.<br>▪ Үлкен әріпі имектен көлбеу таяқшадан,баудан тұрады.<br>▪ Жазу жолының үстіңгі жағынан имектеліп келіп түзу | ***у***-ның кіші әрпінің жазылуы: үш элементтен тұрады. Ілмек, көлбеу сызық, ілгек.<br>▪ Жазу жолының үстіңгі нүктесінен басталып, төменгі жазу жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ екінші элементі жазу жолының үстіңгі нүктесінен басталып, алғашқы элементтің соңғы нүктесін жанай өтіп, төменгі жазу жолынан төмен түсіп, имектеліп ілгек арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түсіп,жазу жолының үстіңгі сызығынан оңға бұрылады.<br>▪ Бірінші элементттің биіктігіне теңесіп басталып,төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Келесі әріпке көмекші сызық арқылы жалғанады.<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. | төменгі жұмыс жолының түйіскен жерінен қиып өтіп, сәл жоғары көтеріледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады<br>▪ Әріптің үстіне акут қойылады. |
| 30. | **Zz** | [zy] |  | ***Z***-ның бас әрпінің жазылуы 3 элементтен тұрады.<br>▪ Үлкен әрпі жазу жолының жоғарғы жағынан басталған жоғарғы және төменгі жағы иректелген ирек және көлбеу таяқшадан тұрады. | ***z***-ның кіші әрпінің жазылуы<br>▪ Жазу жолының ішіндегі жоғарғы және төменгі жағы иректелген ирек және көлбеу таяқшадан тұрады |
| 31. | **SHsh** | [shy] |  | ***SH***-ның бас әрпінің жазылуы екі таңбадан тұрады.<br>▪ Жоғарғы жазу сызығының үстінен солға қарай доғал саламыз<br>▪ Жазуды үзбей, төменгі жазу жолына қиғаш түсіріледі де жоғарғы доғалға керісінше бағытта сәл үлкендеу доғал салынады.<br>▪ Келесі әріпке төменгі көмекші сызық арқылы жалғанады<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан биіктігі алдыңғы элементпен теңесетіндей көмекші сызықтың соңғы нүктесін жанай көлбеу сызық төменгі жұмыс жолына дейін түсіріледі.<br>▪ Жазу жолының | ***Sh*-ның кіші** әрпі<br>▪ Жоғарғы жазу жолының ортаңғы нүктесінен басталып, жоғары қарай имектеліп ілгек арқылы оңға қарай доғал салынады.<br>▪ екінші элементіне төменгі жағынан көмекші сызық арқылы жалғанады.<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан көмекші сызықтың соңғы нүктесін жанап өтетін көлбеу сызық түсіріледі.<br>▪ Жазу жолының ішіндегі көлбеу сызықтың жоғарылау нүктесінен басталып, имектеле отырып, үстіңгі жазу жолын жанай өтіп, көлбеу сызық арқылы төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады.<br>. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ішіндегі көлбеу сызықтың жоғарылау нүктесінен басталып, имектеле отырып, үстіңгі жазу жолын жанай өтіп, көлбеу сызық арқылы төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | |
| 32. | **CHch** | [chy] |  | ***Ch***-ның бас әрпінің жазылуы.<br>▪ Жазу жолының жоғарғы жағынан оңнан солға қарай жарты ай сала отырып, қолды үзбей төменгі жазу жолын жанай өтіп, жолдың ортасына дейін көтереміз.<br>▪ Жазу жолының жоғары жағынан биіктігі алдыңғы элементпен теңесетіндей және осы элементтің соңғы нүктесін жанай көлбеу сызық төменгі жұмыс жолына дейін түсіріледі.<br>▪ Жазу жолының ішіндегі көлбеу сызықтың жоғарылау нүктесінен басталып, имектеле отырып, үстіңгі жазу жолын жанай өтіп, көлбеу сызық арқылы төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. | ***ch***-ның кіші әрпінің жазылу.<br>▪ жазу жолының ішінде оңнан солға қарай жарты ай сала отырып, қолды үзбей төменгі жазу жолын жанап өтіп жазу жолының ортасына дейін көтереміз.<br>▪ Үстіңгі жазу жолынан көлбеу алдыңғы элементтің соңғы нүктесін жанай өтіп, төменгі жұмыс жолына дейін түсіріледі.<br>▪ Жазу жолының ішіндегі көлбеу сызықтың жоғарылау нүктесінен басталып, имектеле отырып, үстіңгі жазу жолын жанай өтіп, көлбеу сызық арқылы төменгі жұмыс жолына жеткенде оңға иіледі.<br>▪ Имек келесі әріпке үзбей жалғанады. |

**Мазмұны**

1 Жалпы ережелер........................................................................................ 3

2 «Әліппе» оқу бағдарламасының мазмұны..................................................... 4

3 Оқу мақсаттарының жүйесі............................................................................ 8

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар....................... 11

Қосымша........................................................................................................ 17

**Латын графикасына негізделген**
**«Әліппе» оқу бағдарламасы**

Басуға 26.11.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 2 б.т.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел 8, «Алтын Орда» БО, 15-қабат